Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 11.07.2019ж №53-1 келісім шартқа №1 қосымша келісім шарт

Абай ауылы 25.02.2020ж

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Келес ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі, ереже негізінде әрекет ететін Басшысы м.а Шірінбеков Бахытжан Әбдуәліұлы атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Бинас Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Мамбеталиев Абилхан Сеитович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және 19 ақпан 2019 жылғы Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының № 5165-19-00-2/2308 шешімінің негізінде осы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

ерекшелігі бойынша **458-058-011-431** Түркістан облысы, Келес ауданы, Бірлесу ауылдық округі Қазақстан елді мекенінде сумен жабдықтау жүйесін салуға техникалық қадағалау;

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын көрсетілетін қызметтер тізбесі (1-қосымша);

3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 10 080 000.00 (он миллион сексен мың тенге нөл тиын) теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 1 080 000.00 тенге (бір миллион сексен мың тенге нөл тиын) (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт **458** Аудандық облыстық маңызы бар қаланың тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі **058** Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту бюджеттік бағдарламасы, **011** Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, **431** Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша – 7 324 972 (жеті миллион үш жүз жиырма төрт мың тоғыз жүз жетпіс екі тенге 0 тиын) оның ішінде ҚҚС-784 818.42(жеті жүз сексен төрт мың сегіз жүз он сегіз тенге 42 тиын) 2019 жылы тіркеуге жатады **497** Аудандық облыстық маңызы бар қаланың тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі **058** Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту бюджеттік бағдарламасы, **028** Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, **431** Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша – 1 000 000 (бір миллион тенге 0 тиын) оның ішінде ҚҚС- төлеуші болып табылмайды 2020 жылы тіркеуге жатады **497** Аудандық облыстық маңызы бар қаланың тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі **058** Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту бюджеттік бағдарламасы, **011** Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, **431** Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау

ерекшелігі бойынша – 1 755 028 (бір миллион жеті жүз елу бес мың жиырма сегіз теңге 0 тиын) оның ішінде ҚҚС 2021 жылы тіркеуге жатады.

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 122 625.74 (жүз жиырма екі мың алты жүз жиырма бес теңге жетпіс төрт тиын) құрайтын осы қаржы жылы Шарттың сомасының 122 625.74 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:
мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі – веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ, № KKMFKZ2A , KZ200705034973509001 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;
не:
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.
Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап үш күн ішінде қолданады.

4.4 Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тараптардың жауапкершілігі

5.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

5.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын

(айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

6 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

6.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2021-12-31 дейін қолданылады.

7 Хабарлама

7.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

7.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

8 Форс-мажор

8.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

8.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

8.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

8.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

9 Даулы мәселелерді шешу

9.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

9.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

10 Өзге де шарттар

10.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

10.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

11 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
"Келес ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі
Туркестанская область, Келесский район, с.Абай, Т.РЫСКУЛОВ, 89
БСН 200140014400
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ35070103KSN5827010
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 872532-3-15-89
Басшысы м.а Шірінбеков Бахытжан Әбдуәліұлы

Өнім беруші:
"Бинас Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
г.Шымкент ул Төле би д №32., АЛЬ-ФАРАБИЙСКАЯ Р.А.
БСН/ЖСН 010640000429
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ03601022910001892 28
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 8771 262 93 62
Басшысы Әжібек Бауыржан Мұсабекұлы